

МРНТИ: 15.81.21

10.51889/2959-5967.2024.81.4.013

М.А. Қуанәлі ^{1*}, О.С. Сангилбаев¹, Ж.Ж. Бейсенова ², Г.К. Миркенова ³, К.М. Раева ³

¹Туран университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: *kuanalieva72@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КОНФЛИКТТЕРДІ ШЕШУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі қоғамда педагогикалық үдерістің қатысушылар арасында конфликттер жиі туады. Оларды шешу үшін халықтың даналығын мен мәдениетінің элементтерін қолдана білу маңызды. Бұл мақала конфликттік жағдайларды шешудің тиімділігін арттыру арқылы білім беру субъектілерінің тұлғалық қасиеттерін мен икемді дағдыларын дамыту процесіне арналған.

Теориялық зерттеуде конфликт мәселесі бойынша ғылыми-теориялық әдебиеттер талданды, осы ұғымның психологиялық мазмұны ашылды. Жоғары білім беру жүйесіндегі конфликттердің түрлері мен себептері анықталып, оларды шешудің тиімді әдістері зерттелді. Сонымен қатар, дәстүрлі мәдениет тәжірибесі - қазақ билерінің тәсілдері конфликттерді конструктивті шешу перспективасы ретінде қарастырылып, олардың психологиялық ерекшеліктері анықталды.

Бастапқы эмпирикалық зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтары студенттерінің психологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік. Эксперименттік топта жүргізілген әлеуметтік-психологиялық тренингтер кешені студенттердің конфликттік жағдайларда халықтық даналықты тиімді қолдану тәсілдерін игеруіне ықпал етіп, өзін-өзі танытуына оң әсер етті.

Зерттеу нәтижесінде оқу процесінде туындайтын конфликттік жағдайлар проблемаларды тиімді шешуді, қарым-қатынастарды реттеуді және үйлесімді тұлғааралық қатынастарды орнатуды қажет ететіні анықталды. Университеттерде кездесетін конфликттік жағдайларды болдырмау үшін біз кейде халықтық даналық пен әзілді қолдану пайдалы деген қорытындыға келдік.

Түйін сөздер: ЖОО-дағы конфликтілерді шешу, халық даналығы, дәстүрлі мәдениет элементтері, әлеуметтік-психологиялық жаттығулар және тренингтер, мінез-құлық стратегиялары, конфликттік жағдаяттар, тұлғааралық қарым-қатынастар.

Қуанәлі М.А. ^{1*}, Сангилбаев О.С. ¹, Бейсенова Ж.Ж. ², Миркенова Г.К. ³, Раева К.М. ³

¹Университет Туран, г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

³Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

E-mail: *kuanalieva72@mail.ru

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕМЕНТОВ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА ПРИ РАЗРЕШЕНИИ КОНФЛИКТОВ В ВУЗАХ

Аннотация

В современном обществе часто возникают конфликты между участниками педагогического процесса. Для их решения важно уметь использовать мудрость народа и элементы культуры. Данная статья посвящена процессу развития личностных качеств и гибких навыков субъектов образования путем повышения эффективности разрешения конфликтных ситуаций.

В теоретическом исследовании проанализирована научно-теоретическая литература по

проблеме конфликта, раскрыто психологическое содержание данного понятия. Выявлены виды и причины конфликтов в системе высшего образования, изучены эффективные методы их разрешения. Вместе с тем, опыт традиционной культуры - подходы казахских биев рассматривались как перспектива конструктивного разрешения конфликтов, определялись их психологические особенности.

Первичное эмпирическое исследование позволило провести сравнительный анализ психологических особенностей студентов гуманитарных и естественных специальностей Казахского национального педагогического университета имени Абая. Комплекс социально-психологических тренингов, проведенных в экспериментальной группе, способствовал усвоению студентами способов эффективного использования народной мудрости в конфликтных ситуациях, оказывал положительное влияние на самореализацию.

В результате исследования установлено, что конфликтные ситуации, возникающие в процессе обучения, требуют эффективного решения проблем, регулирования отношений и установления гармоничных межличностных отношений. Чтобы избежать конфликтных ситуаций, возникающих в университетах, мы пришли к выводу, что иногда полезно использовать народную мудрость и юмор.

Ключевые слова: разрешение конфликтов в вузе, народная мудрость, элементы традиционной культуры, социально-психологические упражнения и тренинги, стратегии поведения, конфликтные ситуации, межличностные отношения.

M.A. Kuanali^{1}, O.S. Sangilbaev¹, Zh.Zh. Beisenova², G.K. Mirkenova³, K.M. Raeva³*

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan

³Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF USING ELEMENTS OF TRADITIONAL CULTURE OF THE KAZAKH PEOPLE TO RESOLVE CONFLICTS IN UNIVERSITIES

Abstract

In modern society, conflicts often arise between participants in the pedagogical process. To solve them, it is important to be able to use the wisdom of the people and elements of culture. This article is devoted to the process of developing personal qualities and flexible skills of educational subjects by increasing the effectiveness of conflict resolution.

The theoretical study analyzes the scientific and theoretical literature on the problem of conflict, reveals the psychological content of this concept. The types and causes of conflicts in the higher education system have been identified, and effective methods of their resolution have been studied. At the same time, the experience of traditional culture - the approaches of Kazakh biys were considered as a prospect for constructive conflict resolution, their psychological characteristics were determined.

The primary empirical study allowed for a comparative analysis of the psychological characteristics of students of humanities and natural sciences of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. The complex of socio-psychological trainings conducted in the experimental group contributed to the students' assimilation of ways to effectively use folk wisdom in conflict situations, had a positive impact on self-realization.

As a result of the study, it was found that conflict situations arising in the learning process require effective problem solving, relationship regulation and the establishment of harmonious interpersonal relationships. To avoid conflict situations that arise at universities, we came to the conclusion that sometimes it is useful to use folk wisdom and humor.

Key words: conflict resolution in higher education, folk wisdom, elements of traditional culture, socio-psychological exercises and trainings, behavior strategies, conflict situations, interpersonal

relationships.

КІРІСПЕ . Қазақстанда жоғары білім беруді жаңғыртудың қазіргі сәтінде процестің барлық қатысушыларының өзара іс-қимыл сапасын жақсарту мәселесін қарастыру маңызды. Өскелең ұрпақ білімді, ақылды, мәдениетті, гуманды, демократиялы, әділетті және кәсіби бағдарлы болса, соғұрлым қоғам өркениет деңгейіне көтеріледі. Сондықтан да тұлғааралық қарым-қатынасын жақсарту мен ізгілендіру мәнді болып табылады. Осыған орай, ЖОО-да кездесетін конфликттік жағдаяттардың психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу қажеттілігі туады.

Білім беру ортасындағы қақтығыстар кең таралған және алуан түрлі құбылыс. Оқытушылар мен студенттер арасындағы педагогикалық конфликттер әртүрлі себептермен туындауы мүмкін: оқу материалын түсінбеуден құндылық бағдарларындағы айырмашылықтарға дейін. Мұндай мәселелерді сәтті шешу тараптардың өзара әрекеттесуіне әсер ететін психологиялық аспектілерді түсінуді талап етеді.

Заманауи педагог-психологтар және ЖОО әкімшілік мүшелеріне тұлғааралық конфликттерді болдырмау және сындарлы шешу үшін этномәдени аспектілерін пайдалану ұсынылады. Осыған орай, ЖОО-дағы студент пен оқытушылар арасында кездесетін конфликтілі ситуацияларда қолдануға болатын тәсіл ретінде даналық сөздер мен астарлап, тұспалдап айту туралы таныстырғымыз келеді.

Сонымен, біздің *зерттеу мақсатымыз* жоғары оқу орында кездесетін конфликттерді шешу процесінде дамытушы этномәдени аспектілерін пайдаланудың психологиялық ерекшеліктерін талдап сипаттау болып табылады.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Осы мәселе жөнінде психологиялық ой-пікірлер жазған қазақ ғалымдарының ішінде М.М. Мұқанов [1], С.Қ. Бердібаева [2], Ф.С. Тәшімова [3] сияқты зерттеушілерді атап көрсетуге болады.

Ж.Н. Сабирова мен Л.Е. Қойшығұлованың мақаласында әлгілі ғалым, этнопсихолог Мәжит Мұқановтың педагогикалық қызметі мен көзқарастары сипатталған. Оның ұлттық және педагогикалық психологияның дамуындағы рөлі де қарастырылады. М.М. Мұқанов халықтық фольклорде, шығармашылық іс-әрекет түрлері арасында табылатын ақыл-ой әрекетті этномәдени аспектіде зерттеген. Ғалымның пікірінше, ақыл-ой әрекеті онтологиялық-сыртқы және апперцептивті-ішкі аспектілерді қамтиды. Олар логика мен философиядағы ойлаудың әмбебап сипаттамаларымен, сондай-ақ адамның ойлау әрекетінің жеке және мәдени-детерминистік ерекшеліктерімен байланысты [1].

Қазақ халқына тән танымдық-логикалық құрылымдар халықтың айтыс өнерінде ерекше көрініс табатын шығармашылық іс-әрекеттің этнопсихологиялық ерекшеліктерін С.Қ.Бердібаева зерттеген. Ғалым өз диссертациясында айтыстың бірлескен диалогтық танымдық шығармашылық жарыс ретінде психологиялық құрылымын зерттеген. Сонымен қатар, еңбегінде тұлғаның дүниенің этнопсихологиялық көрінісінің айтыс қатысушыларының таным процесіне әсері зерттеледі [2].

Ал Ф.С. Тәшімова өз зерттеу еңбектерінде шығыс, оның ішінде қазақ «мәдениет субъектілері» ұғымын қарастырғанда, олардың шығармашылық-тарихи тәжірибелері келесі ұрпаққа тікелей немесе жанама жолдармен жалғасады деп айтқан [3].

В.С. Батуринов мен С.Е. Шакиров қазақ халқы мәдениетіндегі билер сотын Конфликттерді шешудің әлеуметтік феномені ретінде қарастырып зерттеді [4].

Ресейлік ғалымдарға келетін болсақ, оқыту процесінде пайда болатын конфликт мәселелерін жан-жақты Б.И. Хасан [5], Н.В. Гришина [6], В.Н. Абрамова [7] секілді ғалымдар талдаған. Б.Хасан “Конфликттің сындарлы психологиясы” кітабының авторы/ Ол конфликттік жағдайларды шешудің бір тәсілі ретінде келіссөздерді қолдануды ұсынып, келіссөздерге дайындық кезеңінен бастап нәтижелерін талдауға және талдауға дейінгі процесті сипаттайды [5].

Н.В. Гришина “Конфликт психологиясы” деген кітап жазып, конфликттің ұғымын, түрлерін және әртүрлі білім салалары мен ғалымдардың көзқарастарын талдады. Автордың пікірінше, кез-келген қақтығыс, оның сипатына, нақты мазмұны мен түріне қарамастан, міндетті түрде қарсыласу сәтін, “қарама-қайшылықты” қамтиды [6].

М.Г. Леонтьев өз диссертациясында мәдениеттің ерекшеліктерін тұлғааралық конфликтті шешудің факторы ретінде қарастырған. Ғалым мәдениеттің ерекшеліктерінің қарым-қатынас процесінде орыстар мен ағылшындардың конфликттерді шешудің қолайлы әдістеріне әсерін зерттеді [8].

Г.А. Каршибаева мақаланы ЖОО-дағы конфликттердің психологиялық ерекшеліктері мәселесіне арнады. Білім беру ортасындағы қақтығыстар кең таралған және алуан түрлі құбылыс. Оқытушылар мен студенттер арасындағы педагогикалық қақтығыстар әртүрлі себептермен туындауы мүмкін: оқу материалын түсінбеуден құндылық бағдарларындағы айырмашылықтарға дейін. Мұндай қақтығыстарды сәтті шешу тараптардың өзара әрекеттесуіне әсер ететін психологиялық аспектілерді түсінуді талап етеді [9].

Қазақстандық ғалымдардың ішінде И.Қ. Аманова өз зерттеуінде студенттердің өзін-өзі танытуының этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеп, өзін-өзі танытатын тұлғалар өмірде кездесетін конфликттік жағдаяттарды конструктивті шешуге бейімділігі жайлы маңызды тұжырым жасаған [10].

Шынымен де біз конфликттік жағдайлар тұлғаның даму деңгейін, кемелділігін, мәдениеттілігін және әлеуметтік құзырлылығы мен шығармашылық қасиеттерін шындайтын әрі тұлғаның өзін-өзі көрсете, білдіре алу қабілетін де жақсы ашатын, жалпы тұлғалық дамуға жетелейтін мәселелік, қайшылықты жағдайлар ретінде анықтаймыз.

Шетелдік ғалымдар Ф.С. Шон және Н.Т. Зунг өз мақаласында әлеуметтік конфликттерді басқару мен шешу процесіне әртүрлі мәдени-психологиялық факторлардың әсерін талдап сипаттама берген. Ғалымдар конфликтті белгілі бір кеңістікте болып жатқан мәдениетке байланысты қайшылықты шешу тәсілі ретінде қарастырады [11].

Түрік психологі Д. Ақбулуттың монографиялық еңбегінде мәдениет пен контексттің жоғары оқу орындарындағы академиктердің конфликттерді басқару қалауына әсері зерттелді. Ол ұйымдардағы қақтығыстарды басқару жүйесін құру және енгізу кезінде мәдениет пен Конфликт түрін ескеру керек деген қорытындыға келді [12].

Ресей ғалымы С. Филиппованың мақаласында көпмәдениетті студенттік топтағы қақтығыстармен жұмыс жасауда дәстүрлі мәдениет элементтерін қолдану мәселені талданды. Бұл жұмыста студенттік топтардағы конфликтіні жеңу құралы ретінде дәстүрлі мәдениеттердің элементтерін (дәстүрлі халықтық ойындар, коммуникативтік нормалар мен фольклор элементтерін) қолдануға негізделген бағдарламасын сынақтан өткізуге бағытталған зерттеу нәтижелері көрсетілген [13].

Alfitri мен Hambali ғалымдардың зерттеулері бойынша, халық даналығы қоршаған ортаны түсіну қабілетімен байланысты, ол өз кезегінде қалыптасқан жағдайға бейімделген. Жергілікті даналық әртүрлі мәселелерге жауап беру және олардың өмірдегі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жергілікті қоғамдастық жүзеге асыратын іс-әрекет түріндегі өмір салтына, білімге және өмірлік стратегияларға ықпал етеді. Әртүрлі көзқарастар қауымдастықтар арасындағы конфликтке әкелуі мүмкін [14].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР. Зерттеудің мақсаты – екі тәуелсіз таңдау тобы (жаратылыстану және гуманитарлық мамандықтары) студенттерінің конфликттік жағдайлар-дағы мінез-құлық ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды Манна-Уитни критерийі арқылы SPSS бағдарламасы бойынша зерттеу.

Зерттеу нысанына 1-ші тәуелсіз таңдау тобы ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің гуманитарлық мамандықтың 2 курс студенттері эксперименттік топ ретінде 90 студент алынды, 2-ші таңдау тобына осы аталмыш университеттің жаратылыстану мамандықтарының 2 курс студенттерінен 88 студент, барлығы 178 зерттелушілер қатысты.

Зерттеудің пәні: Жоғары оқу орны студенттерінің конфликттік жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктері, олардың конфликттердің түрлі типтеріне деген реакциялары, сондай-ақ конфликттерді шешуде қолданатын стратегиялары мен тәсілдері.

Статистикалық болжамдар:

Но - екі тәуелсіз таңдау тобы (эксперименттік және бақылау топтары) студенттерінің конфликттік жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерінде айырмашылықтар жоқ.

Н₁ - екі тәуелсіз таңдау тобы (эксперименттік және бақылау топтары) студенттерінің конфликттік жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерінде айырмашылықтар бар.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі әдістер қолданылды:

Зерттеу әдістемелері:

1. Контент-талдау әдісі (билердің дау-дамайды шешу тәсілдері)
2. А.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» әдістемесі
3. Зерттеуге пайдаланылған К.Томастың «Конфликтілерді шешу стратегиялары» әдістемесі.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ. Эксперименттік зерттеудің алғашқы кезеңінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі билердің кикілжің жағдайларды шешу әдіс-тәсілдерінің кездесу жиіліктерінің сандық және сапалық көрсеткіші және орталық мәндерін сарапаталады (Кесте 1)

Кесте 1 – Дәстүрлі мәдениеттегі дау-дамай тәсілдерін контент-талдау бойынша алынған мәліметтерінің нәтижелері

Дәстүрлі мәдениеттегі кикілжің тәсілдері	Астарлап сөйлеу Ә ₁	Астарлап, мысқылдап сөйлеу тәсілі Ә ₂	Ымдап айту, жұмбақпен жасырын жеткізу тәсілі Ә ₃	Қарсыласын бастырмалап иландыру тәсілі Ә ₄	Нақыл сөздермен билік айтып, астарлап ойын жеткізу Ә ₅	Шешендік сөзбен мәннен жеткізу тәсілі Ә ₆	Өткір әсерлі бейнелеп жеткізу тәсілі Ә ₇	Келісімге келу Ә ₈	Екі жақтың дауын 3-ші дау соты (беделді 3-ші жақ) арқылы шешу тәсілі Ә ₉	Бір шешімге келу, мәмлеге келу, Ә ₁₀	Сынау тәсілі Ә ₁₁
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Б ₁ -Екі би дауы	0,39	0,6	0,34	0,36	0,7	0,38	0,43	0,39	0,32	0,37	0,45
Б ₂ - балаға таласу	0,40	0,7	0,35	0,47	0,8	0,37	0,46	0,48	0,26	0,29	0,46
Б ₃ - Төле би	0,55	1,8	1,7	0,41	0,55	2,6	0,47	0,43	0,45	0,38	0,32
Б ₄ - Қазбек би	0,47	0,48	0,40	1,8	0,45	0,42	0,46	0,47	0,41	0,39	0,45
Б ₅ - Әйтеке би	0,53	0,50	0,38	1,9	0,48	0,48	0,47	0,44	0,43	0,39	0,49
Категориялар немесе дам-дамай тәсілдері	Ә ₁	Ә ₂	Ә ₃	Ә ₄	Ә ₅	Ә ₆	Ә ₇	Ә	Ә ₉	Ә ₁₀	Ә ₁₁
Орта мән	0,48	0,83	0,86	0,75	0,45	0,39	0,45	0,44	0,40	0,37	0,48

Бұл контент талдау/мұрағат әдісі арқылы зерттеу тақырыбын теориялық талдау жасап, алғашқы тәжірибелік жұмыстармызға сандық және сапалық тұрғыда мәліметерге талдау жүргізілді. Осы контент-талдау әдісімен дәстүрлі мәдениеттегі халық даналығын анықтап талдау жасап, дама-дамайды шешу тәсілдерін мәтіндерден іріктеліп бірнеше түрлерге бөлдік, оны категориялар деп те атауға болады. Алынған мәліметтер 1-кестеде келтіріліп, кездесу жиіліктерінің орта мәндері алынды. Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес теориялық талдаулар кестеде көрсетілгендей, дау-дамай жағдайлардың шешу тәсілдері ғылыми тұрғыда кілттік концептуальды ұғымдардың қалыптасуына негіз болды. Бұл зерттеу жұмысы бойынша зерттелетін нысанның категориялары мәтіндерден жүйелі түрде тіркеліп отырды. Ал, категориялар деп отырғанмыз дәстүрлі мәдениеттегі би-шешендердің даулы жағдайларды астарлап шешу тәсілдерінің кездесу жиілігі. Кестеде тәжірибеде алынған мәліметтер тарихи дерек көздеріне сүйеніп статистикалық тұрғыда талданды. Контент-анализдің концептуальды сұлбасын құрайтын кілттік түсініктерге билерді алдық: Б_{1-Екі} би дауы, Б₂- балаға таласу, Б₃- Төле би, Б₄- Қазбек би, Б₅ – Әйтеке би. Дәстүрлі мәдениеттегі билердің дауларды шешу тәсілдеріне қарай, бірнеше түрлерге бөлінді: атап айтқанда, мысал ретінде тек төмендегідей түрлерін талдадық:

- Астарлап сөйлеу Θ_1 ,
- Астарлап, мысқылдап сөйлеу тәсілі Θ_2 ,
- Бімдап айту, жұмбақпен жасырын жеткізу тәсілі Θ_3
- Қарсыласын бастырмалап иландыру тәсілі Θ_4
- Нақыл сөздермен билік айтып, астарлап ойын жеткізу Θ_5
- Шешендік сөзбен мәнән жеткізу тәсілі Θ_6
- Өткір әсерлі бейнелеп жеткізу тәсілі Θ_7
- Келісімге келу Θ_8
- Екі жақтың дауын 3-ші дау соты (беделді 3-ші жақ) арқылы шешу тәсілі Θ_9
- Бір шешімге келу, мәмлеге келу, Θ_{10}
- Сынау тәсілі Θ_{11}

Дәстүрлі мәдениеттегі дауларды шешу тәсілдерін анықтағанымызбен, оны әлі де болса халық даналығының шығармашылық-тарихи тәжірибелері ұрпаққа тікелей немесе жанама, астарлы жолдармен жалғасқан туындыларын жан-жақты зерттеуді керек етеді. Біз зерттеуде тек қана, даулы жағдаяттарды шешу кезінде кездескен тәсілдерін орташа мәндерін ғана алумен шектелдік. Келесі зерттеулерімізде жеке-жеке талдайтын боламыз. Дегенменде, бұл университеттерде кездесетін конфликттік жағдайларды болдырмау үшін біз кейде халықтық даналық пен әзілді және осы бабаларымыздан қалған рухани мұраларды қолдану пайдалы деп тұжырымдаймыз. Өйткені, «астарлап айту» астарлап ойлау арқылы тұлға аралық қатынастарды реттей алған, бұл ортамен өзара әрекетінің ерекше ұлттық келбетін сипаттайды.

Келесі кезекті зерттеу кезеңінде бізбен А.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» әдістемесі қолданылып, гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтары студенттерінің өзін-өзі танытудағы өзіндік ерекшеліктері анықталды. Біз бұл тестінің өз зерттеу мақсатына байланысты жеке адамның ортамен өзара әрекетінде өзін таныту ерекшеліктерін көрсететін тоғыз шкаласы - құндылық бағдары, мінез-құлық дағдысы, сензитивті, спонтанды, агрессиясын қабылдауы, қарым-қатынас орната алу, когнитивті қажетілік мен креативті, рефлексивті шкалалары алынып кезекті зерттеулер жүргізілді.

Салыстырмалы зерттеу нәтижелері 2-кестеде келтірілді.

Кесте 2 – А.Маслоудың «Өзін-өзі таныту» әдістемесінің шкалалары бойынша зерттелуші топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнділігі

	Құндылық бағдары	Мінез_құлық_дағдысы	сенситивті_	Спонтанды	Агрессиясын қабылдауы	Қарым-қатынас орната алу	Когнитивті қажетілік	Қреативті	Рефлексивті
U Манна-Уитни	2070,500	2335,500	1916,500	1187,500	589,500	2681,500	2091,000	1450,500	3029,500
W Вилкоксон	5986,500	6251,500	5832,500	5103,500	4684,500	6776,500	6186,000	5366,500	7124,500
Z	-5,539	-4,755	-6,014	-8,279	-9,901	-3,762	-5,488	-7,387	-2,764
Асимп. мәнділік (екі жақты)	,000	,000	,000	,000	,000	,000	,000	,000	,006

а. Топтастырушы айнымалылар: Топтар

Статистикалық мәліметтерден байқағанымыздай, сегіз шкаланың ішінен рефлексивтілік параметрі бойынша мәнді статистикалық айырмашылықтар анықталды. Атап айтқанда, гуманитарлық мамандықтар студенттеріне рефлексивтілік, яғни өз іс-әрекеті мен мінез-құлқын сырттай бақылай алу және бағалау қабілеті тән екені айқындалды.

Үшінші кезекте қолданылған К.Томастың «Конфликтілерді шешу стратегиялары» әдістемесі бойынша зерттелуші студенттер топтарынан келесі нәтижелер алынды (кесте 3).

Кесте 3 – К.Томастың «Конфликтілерді шешу стратегиялары» әдістемесі бойынша Манна-Уитни критерийі бойынша рангтердің есептелуі

	Топтар	N	Орташа ранг	Рангтер қосындысы
Бірлескен іс-әрекет	1,00	90	60,82	5474,00
	2,00	88	118,83	10457,00
	Барлығы	178		
Бәсекелестік	1,00	90	87,66	7889,00
	2,00	88	91,39	8042,00
	Барлығы	178		
Қашу	1,00	90	122,58	11032,50
	2,00	88	55,66	4898,50
	Барлығы	178		
Бімыраға келу	1,00	90	83,88	7549,00
	2,00	88	95,25	8382,00
	Барлығы	178		
Бейімделу	1,00	90	84,43	7599,00
	2,00	88	94,68	8332,00
	Барлығы	178		

Рангтер бойынша статистикалық критерий 4-кестеде есептеліп, көрсетілген.

Кесте 4 – Зерттелуші топтардың рангтер бойынша айырмашылықтардың статистикалық критерийі

	Бірлескен іс-әрекет	Бәсекелестік	Қашу	Ымыраға келу	Бейімделу
U Манна-Уитни	1379,000	3794,000	982,500	3454,000	3504,000
W Вилкоксон	5474,000	7889,000	4898,500	7549,000	7599,000
Z	-7,584	-,494	-8,843	-1,495	-1,350
Асимп. мәнділік (екіжақты)	,000	,621	,000	,135	,177

а. Топтастырушы айнымалылар - топтар

Кесте 5 - Болжамды тексеру нәтижелері

	Нөлдік болжам	Критерий	Мәнділік	Шешім
1	Таралу Бәсекелестік	Тәуелсіз топтар үшін Манна-Уитнидің U-критерийі	,000	Нөлдік болжам қабылданбайды
2	Таралу Бірлескен іс-әрекет	Тәуелсіз топтар үшін Манна-Уитнидің U-критерийі	,135	Нөлдік болжам қабылданады
3	Таралу Ымыраға келу	Тәуелсіз топтар үшін Манна-Уитнидің U-критерийі	,621	Нөлдік болжам қабылданады
4	Таралу Қашу	Тәуелсіз топтар үшін Манна-Уитнидің U-критерийі	,000	Нөлдік болжам қабылданбайды
5	Таралу Бейімделу	Тәуелсіз топтар үшін Манна-Уитнидің U-критерийі	,177	Нөлдік болжам қабылданады

Асимптотикалық мәнділіктер шығарылады. Мәнділік деңгейі, 050.

Екі тәуелсіз таңдау топтары үшін U Манна-Уитни критерийі бойынша бәсекелестік және конфликтіден қашудың таралуы топ категориясы үшін бірдей. Статистикалық болжам бойынша шеткі мәні $p = 0,05$ –тен болғандықтан, Но нөлдік болжам шеттетіледі. Олай болса, екі тәуелсіз таңдау тобы (эксперименттік және бақылау топтары) студенттерінің конфликттік жағдайлардағы мінез-құлықтың бәсекелестік және конфликтіден қашудың таралуы ерекшеліктерінде айырмашылықтар бар.

Топтардың категориялары үшін бірлескен іс-әрекет, ымыраға келу және бейімделу параметрлерінің таралуы біркелкі, екі тәуелсіз таңдау топтары бойынша екі тәуелсіз топты үш айнымалы бойынша «Бірлескен іс-әрекетте», «Бейімделу» және «Ымыраға_келу» салыстыру үшін Манна-Уитни критерийін U қолдандық. Сынақ нәтижелері барлық үш айнымалы үшін топтар арасындағы айырмашылықтар $p < 0,05$ маңыздылық деңгейінде статистикалық мәнді екенін көрсетті. Бұл топтардың зерттелетін барлық үш аспектідегі көрсеткіштері бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетінін айқындатады.

«Бірлескен іс-әрекет» шкаласы бойынша топтардың өзара іс-әрекетке бейімділігінде айтарлықтай айырмашылықтардың болуы анықталды.

«Бейімделу» шкаласы бойынша топтар бейімделу қабілетімен ерекшеленеді.

«Ымыраға келу»: топтар арасында ымыраға келу үрдісінде айтарлықтай айырмашылықтар бар.

p мәндері ($0,05 < 135$, $0,05 < 177$ және $0,05 < 621$) статистикалық маңыздылық деңгейін көрсетеді. p мәні неғұрлым төмен болса, нәтижелердің кездейсоқтыққа байланысты болуы

ықтималдығы соғұрлым аз болады. Бұл жағдайда барлық p мәндері 0,05-тен айтарлықтай аз, бұл топтар арасындағы айырмашылықтардың жоғары статистикалық маңыздылығын көрсетеді. Айнымалыларды өлшеуге реттік шкала қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінен байқайтынымыз, «Бірлескен іс-әрекет» шкаласы бойынша мәнділігі $p < 0,05$ тен кіші. "Манн-Уитни критерийінің нәтижелері эксперимент тобындағы студенттер бақылау тобындағы студенттермен салыстырғанда ($p < 0,05$) "Бірлескен іс-әрекеттің" жоғары деңгейін көрсеткенін көрсетті. Бұл эксперименттік араласудың (мысалы, коммуникация дағдыларын үйрету) студенттердің бірлесіп жұмыс істеу қабілетін арттыруда тиімді болды, алайда бұл нәтижелерді растау және араласудың ұзақ мерзімді әсерін тексеру үшін көбірек зерттеу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ. Педагогикалық конфликттерді шешу - мұғалім мен студенттер арасындағы өзара әрекеттесудің психологиялық аспектілерін терең түсінуді қажет ететін күрделі, бірақ маңызды процесс. Конфликттерді сәтті басқару үйлесімді оқу ортасын құруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар студенттерге болашақ кәсіби өмірде қажетті маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Зерттеу барысында конфликт мәселесінің психология ғылымында зерттелуі жан-жақты талданып, ол жөніндегі теориялық тұжырымдар жүйеге келтірілді, атап айтқанда, конфликттің түрлері және оларды шешудің психологиялық тәсілдері, жоғары білім беру жүйесінде конфликттердің пайда болу себептері және оларды тиімді шешудің әдіс-тәсілдері, оқу-тәрбие үрдісінде кездесетін конфликттерді дәстүрлі мәдениеттегі билердің дау-дамайларды шешу тәсілдерін оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолданудың психологиялық ерекшеліктері зерделенді.

Сонымен зерттеу мәселесі бойынша тұтас жүргізілген теориялық-эксперименттік зерттеу барысында келесі нәтижелер алынды:

1) жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің конфликті жағдайларды оңтайлы шешу жолдары қалыптасып, тұлғалық дамуына дәстүрлі мәдениеттегі халық даналығының тиімді ықпалы анықталды. Атап айтсақ, билердің сөздері арқылы студент жастарды әділеттілікке, адамгершілікке, тұлғалық жетілуіне, саналы түрде ақыл-ой-өрісінің кеңеюіне, шығармашылық қабілетінің дамуына, ұлттық ойлау таптаурынында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып қалыптасқан астарлап шешу тәсілдерінің кейбір элементтері көрініс табуына, эзілдесу, өмірге құштарлық сезімдерінің, ересек өмірге психологиялық даярлығының және кәсіби іскерлігінің артқандығына елеулі әсер еткендігі дәлелденіп анықталды.

2) ЖОО білім беру жүйесінде басшылыққа алынатын оқу-тәрбие үрдісіндегі бағдарламалардың, оқу жоспарларды талдау негізінде ЖОО-дағы кездесетін конфликттерді шешуде және жалпы студенттердің тәрбиесіне, олардың тұлғалық, кәсіби және ұлттық сана-сезімдерінің қалыптасуына оқытушылар-тәлімгерлер мен практик-психологтардың іс-шараларының мәні зор екендігі анықталды.

Эксперименттік-эмпирикалық зерттеудің нәтижесінде жаратылыстану және гуманитарлық мамандықтар студенттерінің өзін-өзі таныту мен конфликттерді шешу стратегиялары анықталып, салыстырмалы түрде талданды. Осылайша гуманитарлық мамандықтар студенттеріне рефлексивтілік, конфликт жағдаяттарында ымыраға келу, бейімделу жоғарырақ байқалса, ал жаратылыстану мамандықтары студенттерінде бәсекелестік стратегиясы тән екені анықталды.

Сонымен жүргізілген зерттеу нәтижелері ЖОО-дағы конфликттік жағдаяттарды шешу стратегиялары мен өзі-өзі таныту параметрлері студенттердің мамандықтарына сәйкес ажыратылатынын байқатты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сабирова Ж.Н., Койшигулова Л.Е. Роль Мажита Муканова в национальной психологии // Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. -2020. -№57(2). – С. 56-64.

2. Бердібаева С.Қ. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің этнопсихологиялық ерекшеліктері (шығармашылық сөз жарысы мысалында): Психология ғылымдарының докт. автореф. – Алматы, 2005. – 42 бет.

3. Ташимова Ф.С. Детерминанты формирование субъективности в культуре Востока. // Суверенный Казахстан: проблемы и поиски. – Екатеринбург, 2015. – С. 32-46.
4. Батулин В.С., Шакиров С.Е. Билер соты көшпелі қазақ халқының мәдениетінде қақтығыстарды шешудің әлеуметтік феномені ретінде // Вестник Карагандинского университета. - Серия «История. Философия». - №4(108). – 2022. – Б.267-276. – URL: <https://history-philosophy-vestnik.ksu.kz/apart/2022-108-4/30.pdf>.
5. Хасан Б.И. Конструктивная психология. - СПб.: “Питер”, 2019. - 250 с.
6. Гришина Н.В. Психология конфликта. - СПб.: “Питер” 2021. – 349 с.
7. Abramova V.N. Conflictology. Lecture notes for SFPK listeners and students of the IFPP KSPU named after K.E. Tsiolkovsky. - Obninsk: "Forecast", 2019. – 82 p.
8. Leontiev M.G. Features of culture as a factor in resolving interpersonal conflict: dis... on cand. ps.n. 19.00.05. - 2019. – 193 с.
9. Каршибаева, Г. А. Психологические особенности педагогических конфликтов / Г. А. Каршибаева, Н. Х. Абдукадырова, Н. И. Тулаганова. — Текст : непосредственный // Психология: традиции и инновации : материалы II Междунар. науч. конф. (г. Самара, март 2016 г.). — Самара: ООО "Издательство АСГАРД", 2016. — С. 65-68. — URL: <https://moluch.ru/conf/psy/archive/197/9923/> (дата обращения: 20.10.2024).
10. Аманова И.К. Тұлғаның өзін-өзі таныту ерекшеліктерінің этномәдени сәйкестілікке тәуелділігі: психол. ғыл. канд.дисс. авторефаты. - Алматы, 2004. - 32 б.
11. Akbulut, D.V. The influence of culture and context on conflict management preferences of academics in higher education institutions // Yok Thesis Center. – 2019. – 175 с. - URL: <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.23896.44802>
12. Shiundu, T. Social and psychological factors influencing conflict origins and shaping negotiation dynamics. – 2024. – 1-10 p.
13. Filippova S.S. Traditional culture as a tool for working with the conflictiveness in the multicultural student group // Development of education. EDN: PMWAGR. - 2023. - №6(3). – P. 80-86. – URL: <https://doi.org/10.31483/r-107514>
14. Alfitri, H. Integration of National Character Education and Social Conflict Resolution through Traditional Culture: A Case Study in South Sumatra Indonesia // Asian Social Science. - Vol. 9. - №12. – 2013. – P. 125-135. – URL: <https://www.ccsenet.org/journal/index.php/ass/article/view/30051>

References

1. Sabirova Zh.N., Kojshigulova L.E. Rol' Mazhita Mukanova v nacional'noj psihologii // Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni Halela Dosmuhamedova. -2020. -№57(2). – S. 56-64.
2. Berdybayeva S.K. Ethnopsychological features of human creative activity (on the example of a creative speech contest): Doctor of Psychological Sciences. Author's thesis. – Almaty, 2005. – 42 pages
3. Tashimova F.S. Determinants of the formation of subjectivity in the culture of the East. // Sovereign Kazakhstan: problems and searches. – Yekaterinburg, 2015. – pp. 32-46.
4. Baturin V. S., Shakirov S. E. The Court of judges as a social phenomenon of conflict resolution in the culture of the nomadic Kazakh people // Vestnik Karagandinsky University. - Series " History. Philosophy". - №4(108). – 2022. – P. 267-276. - URL: <https://history-philosophy-vestnik.ksu.kz/apart/2022-108-4/30.pdf>.
5. Hassan B.I. Constructive psychology. - St. Petersburg: “Peter”, 2019. - 250 p.
6. Grishina N.V. Psychology of conflict. - SPB."Peter” 2021. - 349 PP.
7. Abramova V.N. Konfliktologiya. Konspekt lekcij dlja slushatelej SFPK i studentov MFPP KGPU im. K.Je. Ciolkovskogo. - Obninsk: «Prognoz», 2019. – 82 s.
8. Leont'ev M.G. Osobennosti kul'tury kak faktor razresheniya mezhlichnostnogo konflikta: dis... na kand. ps.n. 19.00.05. - 2019. – 193 с.
9. Karshibaeva, G. A. psychological personality of pedagogical conflicts / G. A. Karshibaeva, N.H. Abdukadyrova, N. I. Tulaganova. - Text : neposredstvenny // Psychology: trade and innovation :

materials of the II International. nauch. conf. (Samara, March 2016). - Samara: LLC "Izdatelstvo Asgard", 2016. - P. 65-68. - URL: <https://moluch.ru/conf/psy/archive/197/9923> / (image date: 20.10.2024).

10. Amanova I. K. *dependence of the features of personality self-expression on ethnocultural identity: Psychol. science. Kand.diss. abstract.* - Almaty, 2004. - 32 p.

11. Akbulut, D.V. *The influence of culture and context on conflict management preferences of academics in higher education institutions // YOK THESIS CENTER.* – 2019. – 175 s. - URL: <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.23896.44802>

12. Shiundu, T. *Social and psychological factors influencing conflict origins and shaping negotiation dynamics.* – 2024. – 1-10 p.

13. Filippova S.S. *Traditional culture as a tool for working with the conflictness in the multicultural student group // Development of education. EDN: PMWAGR.* - 2023. - №6(3). – P. 80-86. – URL: <https://doi.org/10.31483/r-107514>

14. Alfitri, H. *Integration of National Character Education and Social Conflict Resolution through Traditional Culture: A Case Study in South Sumatra Indonesia // Asian Social Science.* - Vol.9.- №12.-2013.-P.125-URL: <https://www.ccsenet.org/journal/index.php/ass/article/view/30051>